- ▶ Ақ және түрлі түсті маталарды бөліп алыңыз. Түрлі түсті маталарды алдымен қаншалықты түссізденетінін анықтау мақсатында қолмен жуып көріңіз.
- ▶ Киімнің қалталарын босатып (кілт, тиындар және т. б.) және қатты сәндік бұйымдарын (мысалы, түйрегіштер) шешіп алыңыз.
- ▶ Жиектері тігілмеген киімдерді, нәзік маталарды және жұқа тоқыма маталарды, мысалы, жұқа перделерді нәзік бұйымдарды жууға арналған қапшыққа салу керек (оларды қолмен жуған немесе құрғақ тазалау қолданған дұрыс).
- ▶ Сыдырма ілгектерді, жапсырмаларды және ілмектерді жабыңыз және түймелердің дұрыс тігілгеніне көз жеткізіңіз.
- ▶ Ұқыптылықты қажет ететін бұйымдарды, мысалы, жиектері тиісті түрде тігілмеген заттар, селдір маталы ішкіімдер және шұлық, белбеу, бюстгальтер және т. б. жууға арналған қапшыққа салыңыз.
- ▶ Төсек жаймасы, төсек жабыны және т.с.с. ірі заттарды аударыңыз.
- ▶ Жуу алдында джинсалар және толтырылған, декорациялы немесе ашық түске боялған матасы бар киімдерді теріс аударыңыз; оларды жеке жуу ұсынылады.



Абай болыңыз!

Тоқылмаған бұйымдар, сонымен қатар ұсақ, берік бекітілмеген және үшкір заттар киімнің және машинаның бүлінуіне және ақаулыққа әкелуі мүмкін.

Күтім бойынша нұсқаулар

Жуу		
 Макс. жуу темп. 95 °С, қалыпты режим	 Макс. жуу темп. 60 °С, қалыпты режим	 Макс. жуу темп. 60 °С, жұмсақ режим
 Макс. жуу темп. 40 °С, қалыпты режим	 40°С-қа дейінгі температурада жұмсақ жуу	 Макс. жуу темп. 40 °С, өте жұмсақ режим
 Макс. жуу темп. 30 °С, қалыпты режим	 Макс. жуу темп. 30 °С, жұмсақ режим	 Макс. жуу темп. 95 °С, өте жұмсақ режим
 Қолмен жуу, макс. темп. 40 °С	 Жууға тыйым салынған	
Ағарту		
 Кез келген тотықтырғыш агентпен ағартуға рұқсат етілген	 Құрамында қышқылы бар/хлорсыз ағартқыш қолдануға ғана рұқсат етілген	 Ағартуға болмайды
Кептіру		
 Барабанмен кептіру мүмкін, әдеттегі температура	 Барабанда кептіруге болады, біршама төмен температура	 Барабанда кептіруге болмайды
 Сығу арқылы жуудан кейін жіпке жайып кептіру	 Сығу арқылы жуудан кейін жазық жерде кептіру	
Үтіктеу		
 Максималды 200 °С температурада үтіктеу (жоғары температуралы үтіктеу)	 150°С дейін орташа температурада үтіктеу	 Максимал 110 °С температурада үтіктеу (төмен температуралы үтіктеу), бусыз (бумен үтіктеудің қайтымсыз салдары болуы ықтимал)
 Үтіктеуге тыйым салынған		
Текстиль бұйымдарға кәсіби күтім жасау		
 Тетрахлорэтиленде құрғақ тазалау	 Көмірсутекпен құрғақ тазалау	 Құрғақ тазалауға тыйым салынған
 Кәсіби ылғалды тазалау	 Кәсіби ылғалды тазалауға тыйым салынған	

7.4 Кір жуғыш машинаны жүктеу

- ▶ Жуылатын киімді біреуден салыңыз.
- ▶ Шамадан тыс жүктелуіне жол бермеңіз. Әртүрлі бағдарламалар үшін максималдық жүктеменің әртүрлі мәндері көрсетілгеніне назар аударыңыз. Максималдық жүктемені анықтауға арналған ереже: жуылатын киім мен барабанның үсті арасында алты дюймнан (15,2 см) кем емес аралық қалуға тиіс.
- ▶ Есігін ақырын жабыңыз. Киімнің қысылып қалмағанына көз жеткізіңіз.

7.5 Жуғыш құрал таңдау

- ← Жуудың тиімділігі мен нәтижесі пайдаланылатын жуғыш құралдың сапасымен анықталады.
- ← Машинамен жуу үшін арналған жуғыш құралды ғана пайдаланыңыз.
- ← Қажет болғанда арнайы жуғыш құралдарды пайдаланыңыз, мысалы, синтетикалық және жүн заттарға арналған.
- ← Жуғыш құралдарды өндірушінің ұсыныстарын үнемі ескеріңіз.
- ← Трихлорэтилен және ұқсас өнімдер сияқты құрғақ тазалауға арналған құралдарды пайдаланыңыз.

Біршама қолайлы жуғыш құралды таңдаңыз.

Бағдарлама	Жуғыш құралдың түрі				
	Әмбебап	Түрлі түсті маталарға арналған	Нәзік маталарға арналған	Арнайы	Кондиционер
Хлопок+	L/P	L/P	-	-	o
Шерсть	-	-	L/P	L/P	o
Отжим	-	-	-	-	-
Деликатная	-	-	L/P	L/P	o
Синтетика	-	L/P	-	-	o
Пуховые вещи	-	-	L	L/P	o
Детская одежда	-	-	L/P	L/P	-
Смешанные ткани	L	L/P	-	-	o
Гигиена	L/P	L/P	-	-	o
Быстрая 15 мин.	L	L	-	-	o
Очистка барабана	-	-	-	-	-
Постельное белье	L/P	L/P	-	-	o

L = гель/сұйық жуғыш құрал

P = кір жуатын ұнтақ

o = пайдаланушының қалауы бойынша

- = жоқ Сұйық жуғыш құрал пайдаланғанда кейінге қалған стартты қосуға кеңес берілмейді.

Рекомендуемые температуры стирки с использованием моющих средств разных видов:

- ← Түрлі жуғыш құралдарды пайдалана отырып жууға кеңес берілетін температуралар:
- ← Кір жуатын ұнтақ: 20-дан 90 °C-қа дейін* (барынша жақсы нәтиже үшін 40-60 °C)
- ← Түрлі түсті маталарға арналған құрал: 20-дан 60 °C-қа дейін (барынша жақсы нәтиже үшін 30-60 °C) f Жүн/нәзік маталарға арналған құрал: 20-дан 30 °C-қа дейін (барынша жақсы нәтиже үшін 20-30 °C)


* 90 °C-та жуу температурасын арнайы гигиеналық талаптар жағдайында ғана таңдаңыз.

* Жуу температурасы 60 °C және одан жоғары болғанда жуғыш құралдың азырақ мөлшерін пайдалану керек. Мақта немесе синтетикалық мата үшін жарамды арнайы дезинфекциялаушы құралды пайдалану ұсынылады.

* Көбіктенбейтін кір жуатын ұнтақ немесе көбігі аз ұнтақ пайдалану ұсынылады.

* Кондиционерді кірдің салмағына сай қосуға кеңес беріледі.

7-4



7.6 Кір жуғыш құралдар қосу

1. Жуғыш құралдарға арналған контейнерді тартыңыз.
2. Сәйкес бөліктерін қажет жуғыш құралдармен толтырыңыз (7-4 сур.).
3. Контейнерді машинаға қайтадан мұқият салыңыз.



Ескертпе:

- ▶ Келесі жуу циклының алдында контейнердегі жуғыш құралдың қалдықтарын кетіріңіз.
- ▶ Жуғыш құралды немесе кірге арналған кондиционерді қажет мөлшерінен артық құймаңыз.
- ▶ Жуғыш құралдың қаптамасындағы нұсқауды орындаңыз.
- ▶ Үнемі жуғыш құралды контейнерге тікелей жуу циклін бастау алдында жүктеңіз.
- ▶ Қойылтылған жуғыш құралды ойыққа салу алдында сұйылтыңыз.
- ▶ Кейінге қалған старт жағдайында сұйық жуғыш құрал пайдаланбаңыз.
- ▶ Бағдарламаны таңдау кестесіне сәйкес және киімнің затбелгісіндегі жуу және күтім жасау нұсқауларын ескере отырып, бағдарлама баптауларын мұқият таңдаңыз.

7-5



7.7 Кір жуғыш машинаны қосу

Машинаны қосу не өшіру үшін «Қуат көзі» батырмасын басыңыз (7-5-сур.).

7-6



7.8 Бағдарлама таңдау

Жуудың жақсы нәтижелеріне қол жеткізу үшін ластану дәрежесі және жуылатын кірдің типіне біршама жарамды бағдарламаны таңдаңыз. Бағдарлама таңдау батырмаларының көмегімен сәйкес келетін бағдарламаны таңдаңыз. Бұл жағдайда дисплейде үнсіз келісім бойынша баптаулар көрсетіледі.



Ескертпе: Иіс кетіру

Алғаш рет кір жуар алдында ықтимал зиян заттар мен қоқыстан тазарту мақсатында контейнердің сәйкес бөлігіне аз мөлшерде жуғыш құрал құйып немесе арнайы тазартқыш құрал қолданып, кір салмастан «Барабанды тазалау+90°0» бағдарламасын қосуға кеңес беріледі.

7-7



7.9 Дербес баптаулар қосу

Қажет функциялар мен баптауларды таңдаңыз (7-7-сур.); «Басқару панелі» бөлімін қараңыз.

7.10 Жуу бағдарламасын іске қосу

Іске қосу үшін “Старт/Пауза” батырмасын асыңыз (7-8-сур.).
Машина берілген баптауларға сәйкес жұмыс істейтін болады.
Бағдарламаны жойған кезде ғана өзгертулер енгізуге болады.



7.11 Жуу бағдарламасын тоқтату / Басқа бағдарлама таңдау

Қосулы бағдарламаны тоқтату үшін “Старт/Пауза” батырмасын ақырын басыңыз.
Жұмысты жаңғырту үшін батырмаға тағы бір рет басыңыз.
Іске қосылған бағдарламаны және оның барлық дербес баптауын болдырмау үшін:

1. Қосылған бағдарламаны тоқтату үшін “Старт/Пауза” батырмасын басыңыз.
2. Содан кейін жаңа бағдарлама таңдап, оны іске қосыңыз.

7.12 Жуудан кейін



Ескертпе: Есікті бұғаттау

- ▶ Қауіпсіздік үшін жуу циклін орындау кезінде есік жартылғай бұғатталады. Есікті тек жуу аяқталғаннан кейін немесе бағдарламаны дұрыс тоқтатқанның кейін ашуға болады.
- ▶ Су деңгейі жоғары, су температурасы жоғары болған жағдайда және сығу кезінде есікті ашу мүмкін емес; бұл ретте дисплейде **Loc** **+** жазуы пайда болады.

1. Бағдарлама циклі аяқталған кезде дисплейде **End** жазуы жанады.
2. Кір жуатын машина автоматты түрде өшеді.
3. Үтіктеуді жеңілдету және қыртыстардың пайда болуының алдын алу үшін кірді неғұрлым жылдам шығару керек.
4. Су беруді өшіріңіз.
5. Электрлік қуат беру шнурын ажыратыңыз.
6. Ылғалдың жинақталуы және иістің пайда болуының алдын алу үшін есігін ашып қойыңыз. Кір жуғыш машина пайдаланылмайтын кезде есігін ашық күйде қалдырыңыз.
7. Киімнің ұсақ заттары жоғары жылдамдықта кептіргеннен кейін барабанның қабырғасына жабысып қалуы мүмкін. Киімді алу үшін есікті ашқанда осындай заттарға назар аударыңыз.



Ескертпе: Күту режимі/энергия үнемдеуші режим

Қосылу машина бағдарламаны іске қосу алдында немесе ол аяқталғаннан кейін 2 минут ішінде белсендірілмесе, күту режиміне өтеді. Электр энергиясын үнемдеу мақсатында дисплей өшеді.

7.13 Дыбыстық сигналды қосу және өшіру

Дыбыстық сигналды қажет болған жағдайда өшіруге болады:

1. Машинаны қосыңыз.
2. «Очистка барабана» бағдарламасын таңдаңыз.
3. «Темп.» және «Пар» батырмасын бірге басып, шамамен 3 секунд ұстап тұрыңыз. Дисплейге **BEER OFF** хабарламасы шығады және дыбыстық сигнал өшеді. Дыбыстық сигналды қосу үшін осы батырмаларды бір мезгілде қайта басу керек. Дисплейде **BEER on** хабарламасы пайда болады.




Экологиялық жауапты пайдалану

- ▶ Қуатты, суды, жуғыш затты және уақытты оңтайлы пайдалануды қамтамасыз ету үшін максималды жүктеу көлеміне қатысты ұсыныстарды орындау керек.
- ▶ Машинаны шамадан тыс жүктемеңіз (киімнің үстінде ені алақандай саңылау қалуы тиіс).
- ▶ Аздап ластанған киімдер үшін 15 минут жылдам жуу бағдарламасын таңдаңыз.
- ▶ Әрбір жуғыш құралдың нақты дозасын пайдаланыңыз.
- ▶ Сәйкес келетін ең төмен жуу температурасын таңдаңыз – заманауи жуғыш құралдар ластануды 60 °C төмен температурада да тиімді тазалайды.
- ▶ Үнсіз келісім бойынша баптауларды қатты ластанған жағдайда ғана арттырыңыз.

9.1 Жуғыш құралдарға арналған контейнерді тазалау

Контейнердегі жуғыш құралдың қалдықтарын үнемі кетіріп отырыңыз. Контейнерді үнемі мына тәсілмен тазалаңыз (9-1-сур.):

1. Контейнерді соңына дейін сырғытыңыз.
2. Бекіткіш батырмасын басып, контейнерді машинадан шығарыңыз.
3. Науашаның ішін сүлгімен сүртіңіз.
4. Контейнерді толығымен тазарғанша сумен шайып, оны қайтадан машинаға салыңыз.



9.2 Кір жуатын машинаны тазалау


- ▶ Кір жуатын машинаны тазалау немесе күтім жасау барысында электр қуаты баусымының ашасын резеткіден суырыңыз.
- ▶ Машинаның корпусын (9-2 сур) және резеңке элементтерін тазалау үшін сабынды жуғыш ерітіндіге малынған жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз.
- ▶ Органикалық химиялық заттарды немесе коррозия тудыратын еріткіштерді қолданбаңыз.
- ▶ Ағып кетудің жоқтығына көз жеткізу үшін қранды ашыңыз.



9.3 Су беру клапаны және оның сүзгісі


Су берілісінің қақ сияқты қатты бөлшектермен бұғатталуының алдын алу үшін су беру клапанының сүзгісін жүйелі түрде тазалап отырыңыз.

- ▶ Электрлік қуат беру шнурының айырын суырып және су берілісін тоқтатыңыз.
- ▶ Су төгетін құбыршекті машинаның артқы қабырғасындағы клапаннан (9-3-сур.) және су беру қранынан бұрап алу арқылы алыңыз.
- ▶ Сүзгілерді сумен жуыңыз және сүзгіні тазалауға арналған щетка көмегімен тазалаңыз (9-4 сурет).
- ▶ Фильтрді салып, құю құбыршегін орнына орнатыңыз.




9.4 Барабанды тазалау


- ▶ Барабаннан оған кездейсоқ түсіп кеткен металл заттар, түйрегіштер, тиындар және т.б. шығарып отырыңыз (9-5 сур), себебі олар тат дақтарының пайда болуына және зақымдалуына себеп болуы ықтимал.
- ▶ Тат дақтарын кетіру үшін құрамында хлор болмайтын тазалау құралын қолданыңыз. Тазартқыш құралды өндірушінің нұсқауларын сақтаңыз.
- ▶ Тазалау үшін қатты заттарды немесе болат ысқыштарды пайдаланбаңыз.



Процедура аяқталғаннан кейін есікті ашыңыз, ормалмен төсемнің айналасындағы дақтарды және көбікті кетіріңіз. Төсемнің іші-сыртын таза ұстаңыз (9-5-сур.).



9-7




9.5 Ұзақ уақыт пайдаланбау


Егер машинаны ұзақ уақыт бойы пайдаланбау жоспарланатын болса, онда келесі дайындық жұмыстарын жүргізу ұсынылады:

1. Электр сымының ашасын резеткіден суырыңыз (9-6-сур.).
2. Су беруді тоқтатыңыз (9-7-сур.).
3. Ылғал жиналуы және иіс пайда болуының алдын алу үшін есігін ашып қойыңыз. Кір жуғыш машина пайдаланылмайтын кезде есігін ашық күйде қалдырыңыз.

Келесі пайдалану алдында қуат көзі кабелін, су беруді және су ағызатын құбыршекті мұқият тексеріңіз. Барлығының дұрыс орнатылғанына және ағып кетудің жоқтығына көз жеткізіңіз.



9-9



9.6 Сорғы сүзгісі


Сүзгіні айына бір рет тазалап, машинаның келесі жағдайларында сорғы сүзгісін тексеріңіз:

- ▶ Суды ағызбайды.
- ▶ Сықпайды.
- ▶ Жұмыс кезінде әдеттен тыс шу шығарады.




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!


Күйіп қалу қаупі! Сорғы сүзгісіндегі су өте ыстық болуы мүмкін! Кез келген амалды орындау алдында судың суығанына көз жеткізіңіз.




9-11




1. Кір жуғыш машинаны өшіріп, қуат сымының ашасын резеткіден суырыңыз (9-8-сур.).
2. Сервистік қақпақты басып, ашыңыз (9-9-сур.).
3. Суды ағызуға арналған жалпақ ыдысты қойыңыз (9-10 сур.). Сүзгіден ағып шығатын су көлемі біршама көп болуы мүмкін!
4. Ағызу құбыршегін созып, оның ұшын ыдыстың үстінде ұстаңыз (9-10 сур.).
5. Ағызу құбыршегінің бітеуішін суырып алыңыз (9-10 сур.).
6. Су толық аққаннан кейін ағызу құбыршегін жабыңыз және оны машинаның ішіне қайта қойыңыз.
7. Сүзгіні сағат тіліне қарсы бұрап, оны шығарыңыз (9-12 сур.).
8. Лас жерлерін тазалаңыз (9-13-сур.).



9-13



9. Сорғы сүзгісін мұқият, мысалы, ағын судың көмегімен тазалаңыз (9-14 сур.).
10. Тазалағаннан кейін тұтқаны орнына қойып, оны тоқтағанша бұраңыз. Бұл уақытта тұтқа тік күйде болады (9-15-сурет).
11. Сервистік шағын люкті жабыңыз.



Абай болыңыз!

- ▶ Сорғы сүзгісінің тығыздамасы таза және ақаусыз болуы керек. Егер қақпағы тығыз жабылмаса, су ағып кетуі мүмкін.
- ▶ Сүзгі өз орнында тұруы керек, керісінше жағдайда ағып кету орын алуы мүмкін.

Туындаған мәселелердің көпшілігінің шешімін пайдаланушы арнайы тәжірибесі болмаса да өз бетінше таба алады. Мәселе орын алған жағдайда, сатудан кейінгі қызмет көрсету ұйымына жүгіну алдында барлық көрсетілген себептерін тексеріңіз және төменде берілген нұсқауларды орындаңыз. «КЛИЕНТТЕРДІ ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТІ» бөлімін қараңыз



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Техникалық қызмет көрсету алдында машинаны сөндіріп және электрлік қуат беру шнурының айырын розеткадан ажыратыңыз.
- ▶ Электрлік құрылғыға қызмет көрсетуді тек білікті электриктер ғана жүргізуі керек, себебі, қате жөндеу біршама кейінгі салдарға себеп болуы мүмкін.
- ▶ Қауіпті жағдайдың алдын алу мақсатында зақымдалған электрлік қуат беру кабелін тек дайындаушы, оның сервистік агенті немесе біліктілігі сәйкес маман ғана алмастыруы керек.
- ▶ Соңғы пайдаланушының қауіпсіздігі мақсатында кәсіби емес немесе өзіндік жөндеуді орындау ұсынылмайды. Сатудан кейінгі қызмет көрсету бөліміне хабарласыңыз.

10.1 Ақпараттық кодтар

Келесі кодтар тек ақпараттық мақсатта шығады және жуу циклына қатысты болады. Олар қандай да бір әрекеттерді орындауды талап етпейді.

Код	Хабарлама
i:25	Жуу циклінің қалған уақыты 1 сағат 25 минутты құрайды.
6:30	Таңдалған кідіру уақытын қоса алғанда, жуу циклының қалған уақыты (циклдың аяқталуы) 6 сағат 30 минутты құрайды.
PLt0	Жүктеме салмағын автоматты анықтау кейбір бағдарламаларда ғана жұмыс істейді.
End	Жуу циклы аяқталды. Кір жуғыш машина автоматты түрде өшеді.
Loct	Судың жоғары деңгейі, жоғары температурасы немесе сығу циклын орындауға байланысты есік бұғаттаулы.
EEEP OFF	Дыбыстық сигнал өшірулі.
EEEP ON	Дыбыстық сигнал қосулы.
CLD-	Функциялық батырмалар бұғаттаулы. Бағдарламаны өзгерту мүмкін емес.

10.2 Дисплейге код шыққан ақауларды жою

Мәселе	Себебі	Шешімі
CLr FLr	• Су ағызудағы қате, 6 минут бойы су толық ақпайды.	• Сорғы сүзгісін тазалаңыз. • Ағызу құбыршегінің орнатылуын тексеріңіз.
E2	• Бұғаттау қатесі	• Есікті дұрыс жабыңыз.
E4	• Негізгі жуу және шаю кезеңінде су құйғанда белгіленген уақыт өткен соң су бекітілген деңгейге жетпейді. • Су сифондық әсер салдарынан ағызу құбыршегі арқылы ақпайды.	• Кран толық ашық және су қысымы қалыпты екеніне көз жеткізіңіз. • Ағызу құбыршегінің орнатылуын тексеріңіз.
E8	• Су деңгейі бойынша қорғаныс қатесі.	• Сатқаннан кейін қолдау қызметіне жүгініңіз.

Мәселе	Себебі	Шешімі
F3	• Температура сезгегінің қатесі.	• Сатқаннан кейін қолдау қызметіне жүгініңіз.
F4	• Қыздыру қатесі.	• Сатқаннан кейін қолдау қызметіне жүгініңіз.
F7	• Электр қозғалтқыш қатесі.	• Сатқаннан кейін қолдау қызметіне жүгініңіз.
FA	• Су деңгейі сезгегінің қатесі.	• Сатқаннан кейін қолдау қызметіне жүгініңіз.
FC0 / FC1 немесе FC2	• Байланыс қатесі.	• Сатқаннан кейін қолдау қызметіне жүгініңіз.

10.3 Дисплейдегі қате кодысыз ақаулықтарды жою

Мәселе	Себебі	Шешімі
Кір жуғыш машина жұмыс істемейді.	<ul style="list-style-type: none"> • Бағдарлама әлі іске қосылған жоқ. • Есік дұрыс жабылмаған. • Кір жуғыш машина қосылмаған. • Электр қуатының істен шығуы. • Балалардан бұғаттау белсендірілген. 	<ul style="list-style-type: none"> • Бағдарламаны тексеріңіз және оны іске қосыңыз. • Есікті дұрыс жабыңыз. • Машинаны қосыңыз. • Электрлік қуат көзін тексеріңіз. • Балалардан бұғаттауды өшіріңіз.
Кір жуғыш машинаға су толмайды.	<ul style="list-style-type: none"> • Су берілмейді. • Құю құбырышегінің майысуы • Құю құбырышегінің сүзгісі толып қалған. • Су қысымы 0,03 МПа-дан төмен. • Есік дұрыс жабылмаған. • Сумен жабдықтаудағы ақаулық 	<ul style="list-style-type: none"> • Суды жіберу кранын тексеріңіз. • Құю құбырышегін тексеріңіз, • Құю құбырышегінің сүзгісін тазартыңыз. • Судың қысымын тексеріңіз. • Есікті дұрыс жабыңыз. • Су беруді қамтамасыз етіңіз.
Кір жуғыш машина суға толған кезде су ағады.	<ul style="list-style-type: none"> • Су ағызатын құбырышектің көтеру биіктігі 80 см-ден аз. • Мүмкін, ағызу құбырышегінің ұшы суға жіберілген. 	<ul style="list-style-type: none"> • Ағызу құбырышегінің көтерілу биіктігі 80-нен 100 см-ге дейін екеніне көз жеткізіңіз • Ағызу құбырышегінің ұшы суда емес екеніне көз жеткізіңіз.
Ағызу қателігі	<ul style="list-style-type: none"> • Ағызу құбырышегі бітелген. • Сорғы сүзгісі бітелген. • Ағызу құбырышегінің ұшы еден деңгейінен 100 см-ден жоғары тұр. 	<ul style="list-style-type: none"> • Ағызу құбырышегін тазалаңыз. • Сорғы сүзгісін тазалаңыз. • Ағызу құбырышегі дұрыс орналасқанына көз жеткізіңіз.
Сығу кезінде күшті діріл.	<ul style="list-style-type: none"> • Тасымал бұрандаларының барлығы алынбаған. • Машина тұрақсыз күйде орналасқан. • Машина артық жүктелген. 	<ul style="list-style-type: none"> • Барлық тасымалдау бұрандасын шешіңіз. • Қатты негізді бетті қамтамасыз етіп, машинаны тегістеңіз. • Жүктеменің салмағы мен біркелкі орналасқанын тексеріңіз.
Кір жуғыш машина жуу циклы аяқталмай тұрып тоқтайды.	<ul style="list-style-type: none"> • Су беру немесе электрлік қуат көзінде ақау бар. 	<ul style="list-style-type: none"> • Электрлік қуат көзін және сумен жабдықтауды тексеріңіз.
Кір жуғыш машина біраз уақытқа тоқтайды.	<ul style="list-style-type: none"> • Дисплейге қате коды шығады. • Қате жүктеуге байланысты мәселе. • Бағдарлама жібіту циклін орындайды. 	<ul style="list-style-type: none"> • Қате кодтарын тексеріңіз. • Жүктемені азайтыңыз немесе реттеңіз. • Бағдарламаны тоқтатып, қайта іске қосыңыз.

Мәселе	Себебі	Шешімі
Барабанда және/ немесе жуғыш құралға арналған контейнерде көбік тым көп.	<ul style="list-style-type: none"> Жарамсыз жуғыш құрал. Жуғыш құралды шамадан тыс көп пайдалану. 	<ul style="list-style-type: none"> Жуғыш құралды таңдау бойынша ұсыныстарды тексеріңіз. Жуғыш құралдың мөлшерін азайтыңыз.
Жуу уақытын автоматты реттеу.	<ul style="list-style-type: none"> Жуу бағдарламасының ұзақтығы түзеледі. 	<ul style="list-style-type: none"> Бұл қалыпты жағдай және функциялыққа әсер етпейді.
Сығу кезінде істен шығу	<ul style="list-style-type: none"> Барабандағы кірдің теңгерімді болмауы. 	<ul style="list-style-type: none"> Машина жүктемесін тексеріп, сығу бағдарламасын қайта қосыңыз.
Жуу нәтижесі қанағаттанарлықсыз.	<ul style="list-style-type: none"> Ластану дәрежесі таңдалған бағдарламаға сәйкес келмейді. Жуғыш құралдың мөлшері жеткіліксіз. Максимал жүктемеден асып кетті. Барабанда кір бірыңғай орналаспаған. 	<ul style="list-style-type: none"> Басқа бағдарламаны таңдаңыз. Кір жуғыш құралды кірлеу дәрежесіне және өндіруші кеңесіне сәйкес таңдаңыз. Жүктемені азайтыңыз. Киімді түзеңіз.
Киімде кір жуатын ұнтақтың қалдықтары.	<ul style="list-style-type: none"> Жуғыш құралдың ерімеген түйірлері кірде ақ дақ түрінде қалуы мүмкін. 	<ul style="list-style-type: none"> Қосымша шайыңыз. Құрғақ кірдегі іздерді щеткамен сүртіп көріңіз. Басқа жуғыш құралды пайдаланыңыз.
Киімде сұр дақтар бар.	<ul style="list-style-type: none"> Майлар, кремдер немесе жақпамайлар сияқты май әсерінен туындайды. 	<ul style="list-style-type: none"> Кірді арнайы тазалағыш көмегімен жууға дайындаңыз.



Ескертпе: Артық көбіктену

Егер сығу циклі орындау кезінде көбік тым көп пайда болса, қозғалтқыш тоқтап, су төгетін сорғы 90 секунд жұмыс істейді. Егер ондай талпыныс 3 рет қатарынан нәтижесіз аяқталса, бағдарлама сығуды орындамай тоқтайды.


Егер қате туралы хабарлама қабылданған шаралардан кейін де пайда болса, машинаны өшіріңіз, электрлі қуат көзінен ажыратыңыз және клиенттерді қолдау қызметіне жүгініңіз.

10.4 Электрлі қуат көзі істен шыққан жағдайда



Қолданыстағы бағдарлама мен оның баптаулары сақталады. Электр қуаты қалпына келген соң жұмыс қайта басталады.


Егер бағдарламаны орындау кезінде электрлі қуат көзі істен шықса, есік механикалық түрде бұғатталады. Егер кірді шығару қажет болса, су деңгейі әйнек есіктен көрініп тұрмағанына көз жеткізіңіз. - Күйіп қалудан сақтаныңыз! Су деңгейін «Сорғы сүзгісі» бөлімінде көрсетілгендей төмендетіңіз. Содан кейін ғана сервистік люк қақпағының астындағы (9-1-сур.) иінтіректі (А) есік жеңіл шырт етіп бұғаттан шыққанша тартыңыз. Содан соң барлық бөлігін бекітіңіз.

Кір жуғыш машина пайдаланушы үшін қауіпсіз күйде болғанда (су деңгейі белгілі бір қашықтыққа тексеру люкінен төмен, бактың температурасы 55 ° С-тан төмен, ішкі бак айналмайды), машинаның есігін ашуға болады.



11.1 Өнімнің техникалық сипаттамалары


Жеткізуші атауы немесе сауда белгісі	Haier
Жеткізуші моделін сәйкестендіргіш	HW50-BP1026,HW50-BP1026S
Номиналды жүктеу (кг)	5
Энерготімділік класы	A+++
Жылдық энергия тұтынуы (AEC кВт•сағ/ж.) ¹⁾	126
«Хлопок» стандарт бағдарламасы бойынша 60 °C температурада және толық жүктемемен жуу кезіндегі электр энергиясының шығыны (кВт•сағ / цикл)	0,56
«Хлопок» стандарт бағдарламасы бойынша 40 °C температурада және ішінара жүктемемен жуу кезіндегі электр энергиясының шығыны (кВт•сағ / цикл)	0,57
«Хлопок» стандарт бағдарламасы бойынша 40 °C температурада және ішінара жүктемемен жуу кезіндегі электр энергиясының шығыны (кВт•сағ / цикл)	0,54
Өшірілген күйдегі өлшенген тұтынылатын қуаттылық (Вт)	0,50
Сөндірулі күйдегі өлшенген тұтыну қуаты (Вт)	0,55
Жылдық су тұтынуы (AWc л/ж.) ²⁾	5940
Сығу/кептіру режимінің тиімділік класы ³⁾	C
Сығу кезінде барабан айналуының максимал жиілігі (айн/мин) ⁴⁾	1000
Ылғалдың қалдық мөлшері (%) ⁴⁾	62
60 °C температурадағы "Хлопок" стандарт бағдарламасы ⁵⁾	 + <60°C + 1000 айн/мин
40 °C температурадағы "Хлопок" стандарт бағдарламасы ⁵⁾	 + <40°C + 1000 айн/мин
60 °C температурада және толық жүктемеде "Хлопок" бағдарламасын орындау уақыты (мин.)	300
Мақтадан жасалған бұйымдарды 60°C-та және ішінара жүктемемен бағдарламаның орындалу уақыты (мин.)	300
40 °C температурада және ішінара жүктемемен "Хлопок" бағдарламасын орындау уақыты (мин.)	290
Қосулы күйде қалу ұзақтығы (мин.) ⁶⁾	3
Ауадағы акустикалық шу деңгейі (жуу/сығу), дБ(А) сал. 1 пВт ⁷⁾	49/67
Типі	бөлек тұратын

- 1) Мақтадан жасалған бұйымдарды 60°C және 40°C температурада, толық және ішінара жүктеумен және энергия үнемдеу режимдерінде энергия тұтыну кезінде кір жуудың 220 стандартты циклдерінің негізінде. Энергияны шынайы тұтынуы кір жуғыш машина қалай қолданылатынына байланысты.
- 2) Мақтадан жасалған бұйымдарды 60°C және 40°C температурада, толық және ішінара жүктеумен кір жуудың 220 стандартты циклдерінің негізінде. Суды шынайы тұтынуы кір жуғыш машина қалай қолданылатынына байланысты.
- 3) G класы – энергия тиімділігінің ең төменгі, ал A класы – ең жоғары класы.
- 4) 60°C температурадағы стандартты мақта бағдарламасына және толық жүктемеге және 40°C және ішінара жүктемеге арналған стандартты мақта бағдарламасына негізделген.
- 5) «60°C Хлопок» және «40°C Хлопок» - затбелгідегі және техникалық деректердің анықтамалық парағындағы ақпаратты қамтитын стандарт кір жуу бағдарламалары. Бұл бағдарламалар кірлену деңгейі әдеттегі мақта киімді жууға жарайды және жалпы энергия, су тұтыну тұрғысынан анағұрлым тиімді саналады.
- 6) электрмен жабдықтауды басқару жүйесі болған жағдайда.
- 7) Шуды анықтау әдістемесі:  + <60°C + 1000 айн/мин.


11.2 Қосымша техникалық сипаттамалар

	HW50-BP1026, HW50-BP1026S
Кернеуі, В	220-240 В~/50 Гц
Ток күші, А	10
Макс. қуаты, Вт	1950
Су қысымы, МПа	0,03<P <1
Таза салмағы, кг	47

11.3 Өнімнің габариттері



АЛДЫНАН ҚАРАҒАНДАҒЫ
КӨРІНІС



ЖОҒАРЫДАН
ҚАРАҒАНДАҒЫ
КӨРІНІС

БҰЙЫМ ӨЛШЕМІ		HW50-BP1026, HW50-BP1026S
A	Бұйымның жалпы биіктігі, мм	700
B	Бұйымның жалпы ені, мм	510
C	Бұйымның жалпы тереңдігі (негізгі басқару панеліне дейін), мм	448
D	Бұйымның жалпы тереңдігі, мм	490
E	Жүктеу люгінің есігі ашық тұрғандағы бұйымның тереңдігі, мм	869
F	Есігі еркін ашылу үшін машина мен көрші қабырға арасындағы саңылаудың минимал көлемі, мм	140

Ескертпе: машинаңыздың нақты биіктігі аяқшалары машина түбінен қаншалықты көтеріліп тұрғанына байланысты. Сіз машинаны орнататын кеңістік оның өлшемінен кем дегенде 40 мм кеңірек және 20 мм тереңірек болуға тиіс.

Клиенттерді қолдау қызметі

Нуге компаниясының тұтынушыларға қолдау көрсету қызметіне, сондай-ақ түпнұсқалық қосалқы бөлшектерді пайдалануға кеңес береміз. Егер сіздің тұрмыстық техникамен қиындықтарыңыз болса, алдымен «Ақауларды жою» бөлімін оқып шығыңыз.

Егер де сіз проблемаңыздың шешімін таба алмаған болсаңыз, мынаған жүгініңіз:

— біздің ресми дилерімізге немесе

— колл-орталыққа қоңырау шалыңыз:

8 (800) 070-01-29 (РҚ)

— <https://haieronline.kz/> сайтына кіріңіз, онда сіз қызмет көрсету туралы сұрау жібере аласыз және жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба аласыз.

Қызмет көрсету орталығына хабарласқан кезде, төмендегі ақпаратты дайындаңыз, ол сіз төлтеушінің атына және тексеруге болады:

Үлгісі _____

Сериялық нөмірі _____

Сатылған күні _____



Сонымен қатар, кепілдігінің және сатылғаны туралы құжаттардың болуын тексеріңіз.

Маңызды! Құралда сериялық нөмірінің болмауы өндіруші үшін құралды сәйкестендіруді және нәтижесінде кепілдік қызмет көрсетуді мүмкін емес етеді. Құралдан зауыттық сәйкестендіру тақтайшаларын алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдік міндеттемелерді орындаудан бас тартуға себеп болуы мүмкін.

Осы құжатқа алдын ала ескертусіз бір өзгерістердің енгізілуі мүмкін. Өндіруші бұдан әрі ескертусіз бұйымның дизайны мен жабдықтарына өзгерістер енгізуге құқылы.

Өнімді онда көрсетілген белгілерге сәйкес бастапқы орауышына тасымалдау және сақтау керек.

Жүктеу, түсіру және тасымалдау кезінде абай болыңыз.

Көлік құралы және коймасы сақтау өнімді атмосфералық жауын-шашыннан және механикалық зақымданудан қорғауы керек.

КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ

Құрметті сатып алушы!

Найег корпорациясы таңдауыңыз үшін алғыс білдіріп, пайдалану, орнату (монтаждау) және техникалық қызмет көрсету ережелерін сақтаған жағдайда бұйымдардың (тауардың) жоғары сапасы мен минос жұмыс істеуіне кепілдік береді. Тұрмыста пайдалануға арналған бұйымдарға берілетін ресми қызмет мерзімі: микротолқынды пештер, тамақ қалдықтарын ұсақтағыштар — бұйымды соңғы тұтынушыға берілген күннен бастап 5 жыл; робот-шаңсорғыштар, шаңсорғыштар — 4 жыл; кіші тұрмыстық техника, ақылды құлпытар — 3 жыл, су тазартқыштар — 2 жыл, қалған бұйымдар — 7 жыл. Бұйымдардың жоғары сапасын ескере отырып, олардың нақты қызмет мерзімі ресми мерзімнен әдеуір асып кетуі мүмкін және ұқыпты өрік мұқият қарасаңыз, олар сізге көптеген жылдар бойы қызмет етеді.

Алайда, қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы Заң негізінде дайындаушы тұтынушыға бұйымды мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндеттенбейді және тұтынушының өміріне, денсаулығына қауіп төндіретін, оның мүлкіне немесе қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін елеулі кемшіліктер үшін жауап бермейді. Дегенмен, бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін сіз бұйымға қосымша ақыға диагностикалық жұмыстарды жүргізу, көдеге жарату жөнінде ақпарат алу үшін Авторландырылған сервистік орталыққа жүгіне аласыз.

Түсініспеушіліктерді болдырмау үшін сізден сатып алу кезінде пайдалану құжаттамасын, тауарға кепілдік міндеттемелерінің шарттарын мұқият зерделеуді, сондай-ақ тауарды сату кезінде оған қоса берілетін құжаттарды (тауар немесе кассалық чек, пайдалану құжаттамасы, жүкқұжаттар, кепілдік талон) қызмет мерзімі бойы сақтауды сұраймыз. Егер сіз сатып алған бұйым арнайы орнатуды (қосылуды), бұйымға қоса берілетін пайдалану құжаттамасына сәйкес мерзімді техникалық қызмет көрсетуді талап етсе, Авторландырылған сервистік орталыққа жүгінуі қажет.

Газ пайдаланатын жабдықты (бұйымды) орнатуды (қосуды) және оған мерзімді техникалық қызмет көрсетуді ұлттық заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес келетін мамандандырылған ұйым ғана жүргізеді.

Механикалық, термиялық және электрлік зақымданулардың пайда болуына жол бермеу үшін бұйымға тұрақты техникалық қызмет көрсетуді пайдалану жағдайларына қарай жылдына кемінде бір рет көздендіріліп Авторландырылған сервистік орталыққа жүргізу ұсынылады. Бұл бұйымның жоғары өнімділігін сақтауға ықпал етеді, сондай-ақ оның нақты қызмет ету мерзімін арттырады. Ластануы (шан, кір, жұн, түк) себебінен бұйымның істен шығуы кепілдік емес жағдай болып танылады және тек тұтынушының есебінен ғана жойылуы тиіс.

Бұйымға мерзімді техникалық қызмет көрсетуді Авторландырылған сервистік орталық қосымша ақыға жүргізеді.

Найег корпорациясы төменде көрсетілген шарттар сақталмаған жағдайда бұйымға кепілдік қызмет көрсетуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

Кепілдік қызмет көрсету шарттары

Найег Корпорациясы тауар тұтынушыға табысталған күннен бастап 12 ай* кепілдік мерзімді орнатады. Кепілдікті қызмет көрсету тауарды сату кезінде оған қоса берілетін құжаттаманы (тауарлық немесе кассалық чек, пайдалану құжаттамасы, жүкқұжаттар, кепілдік талон) жинақтаған, тауарды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін тауарларға ғана қолданылады. Бұйымда сериялық нөмірдің болмауы (егер оны дайындаушы көздеген жағдайда) оны сәйкестендіруге және соның салдарынан оған кепілдік қызмет көрсетуге мүмкіндік бермейді. Бұйымнан зауыттық сәйкестендіру тақтайшаларын алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың, кепілдік пломбалардың зақымдануы немесе болмауы (егер олардың болуын дайындаушы көздеген жағдайда) кепілдік міндеттемелерін орындаудан бас тартуға себеп болуы мүмкін.

Кепілді қызмет көрсетуді тек Найег авторландырылған сервистік орталықтары ғана жүзеге асырады. Ұкілетті сервис орталықтарының толық тізімін Найег ақпараттық орталығына мына нөмірлерге қоңырау шалу арқылы ала аласыз:

8 (800) 070-01-29 — Қазақстаннан келген тұтынушылар үшін (Қазақстан өңірлерінен тегін қоңырау шалу)

немесе <https://haieronline.kz/> сайтында немесе support-kz@haieronline.kz электрондық поштасында.

Авторизацияланған сервис орталықтарының деректері өзгеруі мүмкін, анықтау үшін Найег ақпараттық орталығына жүгініміз.

Кепілдікті қызмет көрсету келесілердің салдарынан ақау пайда болған бұйымдарға көрсетілмейді:

- тұтынушының тауарды пайдалану, сақтау және/немесе тасымалдау жағдайлары мен ережелерін бұзуы;
- бұйымды қате орнату, баптау және/немесе іске қосу;
- тоназатықш сұлбамен жұмыстар технологияларын және электрлік қосылуларды бұзу, сонымен қатар бұйымды монтаждауға құжатпен расталған тиісті біліктілігі жоқ тұлғаларды тарту;
- пайдалану бойынша құжаттама талап еткен жағдайда бұйымға уақытылы техникалық қызмет көрсетпеу;
- су құбырларының желісіндегі артық немесе жеткіліксіз қысымнан;
- бұл бұйым типіне жарамайтын жуғыш құралдар қолдану, сонымен қатар жуғыш құралдардың кеңес берілген мөлшерін асырудан.
- бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдалану;
- үшінші тұлғалардың әрекеттері: үкілеттігі жоқ тұлғалардың жөндеуі немесе дайындаушы рұқсат етілген құрылымдық немесе сызбалы техникалық өзгерістерді енгізуі;
- қорек желілерінің стандарттары мен нормаларынан ауытқуынан;
- өңсерілмейтін күш әрекеттері (апат, өрт, найзағай және т. б.);
- жазатайым оқиғалар, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері, оның ішінде бұйымның механикалық зақымдануы;
- бұйымның ішіне бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жөндіктердің, жөндіктердің тіршілік жететі қалдықтарының түсуі;
- сымды/сымсыз желісінің тұрақсыз байланысы және тұрақсыз телефон желілері, сапалық қызметі төмен тұйықтар, сыртқы электромагниттік өрістер, тікелей күн сәулесінің әсері, жоғары ылғалдылық және діріл;
- бағдарламалық жасақтама мен вирустық (зиянды) бағдарламалық жасақтамамын үйлесімсіздігі, сондай-ақ өндірілген бағдарламалық жасақтамамыз өзе бетінше түрлендіру, сондай-ақ үшінші тарап бағдарламалық жасақтамамын пайдалану;
- бүкіл құрылымы немесе оның бір бөлігінің істен шығуына әкелген сыртқы құрылыстардың қосылуы;
- табиғи нашарлау (өскіру), соның ішінде тіркелмеу, дискеталар, нұсқаулықтар, сондай-ақ аккумуляторлық блоктың сыйымдылығының төмендеуі;
- стандартты емес және қосымша сапалық шығыс материалдарын, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат беру элементтерін және/немесе әртүрлі типтегі ақпарат тасымалдағыштарды пайдалану.

Кепілдік қызмет көрсету келесі жұмыстар түрлеріне қолданылмайды:

- бұйымды пайдаланатын жерде орнату, баптау және қосу;
- тұтынушыға бұйымды пайдалану жөнінде нұсқау және кеңес беруіге;
- бұйымды сыртынан немесе ішінен тазартуға;
- тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде бүлінген операциялық жүйені (зауыттық "тігілмені") қайта орнату.

Төменде аталған шығын материалдары мен аксессуарларға кепілдік бойынша қызмет көрсетілмейді:

- кір және ыдыс жуғыш машиналарға арналған сүзгілерге, суды жеткізу/ағызға арналған құбыршықтарға;
- шаңсорғыштарға арналған құбыршықтар, түтіктер, шөкшелер, саптамалар, шаң жинағыштар, сүзгілер;
- микротолқынды пештерге арналған төрелкелер, істекшелер, торлар, табақшалар және қойыштар;
- сүзгілер, иіс сіңіргіштер, шамдар, сөрелер, тартпалар, бұйым қойғыштар және тоназатықша азық-түлік сақтауға арналған басқа ыдыстар;
- басқару пульттері, аккумулятор батареялары, қуат беру элементтері, сыртқы қуат беру блоктары және зарядтау құрылғылары, ағыпталары бар қосқыш сымдар;
- бұйымға қосымша тіркелетін құжаттама.

*Кір жуатын/кептіретін/ыдыс жуатын машинаның инверторлық моторына, тоназатықшы/мұздатқыштың инверторлық компрессорына, кептіретін машинаның компрессорына кепілдік мерзімі - тауар Тұтынушыға берілген күннен бастап 12 жыл. Кір жуатын/кептіретін машинаның тура жетекті моторына (статор, ротор) шексіз кепілдік беріледі.

Изготовитель: «Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.»
Room S401, Haier Brand building, Haier Industry Park Hi-tech
Zone, Laoshan District, Qingdao, China

Өндіруші: «Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.»
Рум 5401, Хайер бренд билдинг, Хайер индастрипарк Хай-
тек зон, Лаошан дистрикт, Циндао, Қытай

Уполномоченная организация / Импортер: ООО «ХАР»
121099, г. Москва, Новинский бульвар, д.8,
этаж 16, офис 1601

Қазақстан Республикасындағы уәкілетті ұйым/
импорттаушы: «Хайер Мидл Эйжа» ЖШС, 050000, Алматы
қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 210 ғимарат.

Уполномоченная организация в Республике Казахстан:
ТОО «Хайер Мидл Эйжа», 050000, город Алматы, Медеуский
район, Проспект Достык, дом 210.

Сделано в Китае
Қытайда жасалған

Дата изготовления
и гарантийный срок указаны
на этикетке устройства

Шығарылған күні және
кепілдік мерзімі
құрылғының заттаңбасында
көрсетілген



Haier